

А.Н. Токашева¹, Д.С. Қожабеков², А.З. Жуманова³

¹Тарих факультеті, археология, этнология және отан тарихы кафедрасының 3-ші курс докторанты, Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,

Қазақстан, Қарағанды, e-mail: 25_ai_sulu.06@mail.ru

²Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,

Қазақстан, Қарағанды, e-mail: kdarhanbek@gmail.com

³Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,

Қазақстан, Қарағанды, e-mail: aiman_jumanova@mail.ru

КОСМОПОЛИТИЗМГЕ ҚАРСЫ ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ КҮРЕС ЖӘНЕ ОНЫҢ КЕҢЕСТІК ТАРИХ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНА ЫҚПАЛЫ

Аңдатпа

Мақалада соғыстан кейінгі идеологиялық науқандар жағдайында кеңестік тарих ғылымының дамуы мен космополитизмге қарсы жүргізілген күрес мәселелері қарастырылады. Кеңестік тарихнаманы агрессивті идеологиялық қысымның салдары ретінде қарастыру шектеулі түсінік қалыптастырып, нақты тарихшылардың кәсіби және жеке өміріне әсер етті. Соғыстан кейінгі кезең, әсіресе «соңғы сталинизм» (1945-1953) Кеңес жүйесінің тұрақтылығы мен КСРО-ның халықаралық аренадағы мәртебесімен тығыз байланысты болды. Мақсаты мен міндеті. Зерттеу мақалысының басты мақсаты Соғыстан кейінгі кезеңдегі кеңестік тарих ғылымының дамуын, идеологиялық науқандардың тарихшыларға және ғылыми зерттеулерге әсерін тереңінен зерттеуді көздейді. Мақалада идеологиялық қысымның тарихнама, ғылым және мәдениетке тигізген әсері, сондай-ақ «соңғы сталинизм» кезеңіндегі тарихи дискурстың өзгерістері мен тарихшылар арасындағы кәсіби бәсекелестікке қатысты күрделі әлеуметтік және саяси факторлар талданады. Нәтижесі. Зерттеу тарих ғылымының методологиясы мен объективтілігін, сондай-ақ түрлі көзқарастардың қалыптасуындағы маңыздылығын көрсетті. Бұдан басқа, бұл зерттеу кеңестік тарих ғылымының ерекшеліктері мен шектеулерін анықтап, тарихи білімнің дамуындағы және ғылыми қауымдастықтағы идеологиялық қысымның әсерін терең түсінуге мүмкіндік берді.

Кілт сөздер: космополитизм, номенклатура, «соңғы сталинизм» кезеңі, идеология, «басып алу саясаты», кеңестік кезең, буржуазиялық тарихнама, қырғи қабақ соғыс, кеңестік патриотизм, әшкерелеу мақалалары.

А.Н. Токашева¹, Д.С. Қожабеков², А.З. Жуманова³

¹Докторант 3 курса кафедры археологии, этнологии и Отечественной истории, исторического факультета, Академик Е. А. Карагандинский университет имени Букетова,

Казахстан, Караганда, e-mail: 25_ai_sulu.06@mail.ru

²Карагандинский университет имени академика Е. А. Букетова,

Казахстан, Караганда, e-mail: kdarhanbek@gmail.com

³Карагандинский университет имени академика Е. А. Букетова,

Казахстан, Караганда, e-mail: aiman_jumanova@mail.ru

ИДЕОЛОГИЧЕСКАЯ БОРЬБА С КОСМОПОЛИТИЗМОМ И ЕЁ ВЛИЯНИЕ НА СТАНОВЛЕНИЕ СОВЕТСКОЙ ИСТОРИЧЕСКОЙ НАУКИ

Аннотация

В статье рассматривается развитие советской исторической науки и противодействие космополитизму в условиях послевоенных идеологических кампаний. Рассмотрение

советской историографии как следствия агрессивного идеологического давления сформировало ограниченное понимание и оказало влияние на профессиональную и личную жизнь отдельных историков. Послевоенный период, особенно период «позднего сталинизма» (1945-1953), был тесно связан формированием советской системы и международным статусом СССР. Цель и задачи исследования. Основная цель статьи - углубленное исследование развития советской исторической науки в послевоенный период и влияния идеологических кампаний на историков и научные исследования. В статье также рассматриваются особенности и ограничения советской исторической науки через анализ сложных социальных и политических факторов в контексте влияния идеологического давления на историографию, науку и культуру, а также изменения исторического дискурса периода «позднего сталинизма» и профессиональной конкуренции среди историков. Результаты. Исследование показало, что изучение методологии, объективности исторической науки и формирование различных точек зрения играют важную роль. Кроме того, исследование позволило выявить особенности и ограничения советской исторической науки, а также понять влияние идеологического давления на развитие исторического знания и научного сообщества.

Ключевые слова: космополитизм, номенклатура, период «позднего сталинизма», идеология, захватническая политика, советский период, буржуазная историография, холодная война, советский патриотизм, разоблачительные статьи.

A.N. Tokasheva^{ID*1}, D.S. Kozhabekov^{ID2}, A.Z. Zhumanova^{ID3}

¹PhD student of the third year of the Department of Archaeology, Ethnology and National History, Faculty of History, Academician E. A. Buketov, Kazakhstan, Karaganda, e-mail: 25_ai_sulu.06@mail.ru

²Karaganda university named after academician E. A. Buketova, Kazakhstan, Karaganda, e-mail: kdarhanbek@gmail.com

³Karaganda university named after academician E. A. Buketova, Kazakhstan, Karaganda, e-mail: aiman_jumanova@mail.ru

IDEOLOGICAL BATTLE TO COSMOPOLITANISM AND ITS EFFECTS ON THE FORMATION OF SOVIET HISTORICAL SCIENCE

Abstract

The article examines the development of Soviet historical science and the opposition to cosmopolitanism in the context of post-war ideological campaigns. The consideration of Soviet historiography as a consequence of aggressive ideological pressure formed a limited understanding and had an impact on the professional and personal lives of individual historians. The post-war period, especially the period of "late stalinism" (1945-1953), was closely tied to the stability of the soviet system and the international status of the USSR. Purpose and objectives. The primary aim of this article is to conduct a thorough examination of the evolution of soviet historical scholarship during the post-war era, as well as to analyze the impact of ideological campaigns on historians and their research efforts. The article also examines the features and limitations of Soviet historical science through the analysis of complex social and political factors in the context of the influence of ideological pressure on historiography, science, and culture, as well as changes in the historical discourse of the "late Stalinism" period and professional competition among historians. Results. The study demonstrated that the examination of methodology, objectivity in historical science, and the formation of diverse perspectives plays an important role. Additionally, the study revealed the specific characteristics and limitations of Soviet historical science, as well as provided an understanding of the impact of ideological pressure on the development of historical knowledge and the scientific community.

Keywords: cosmopolitanism, nomenclature, period of "late stalinism", ideology, aggressive policy, soviet period, bourgeois historiography, Cold war, soviet patriotism, revealing articles.

Кіріспе

Кеңестік билік идеологиялық органдары тарихты зерттеу мен оның интерпретациясын өз саяси мүдделеріне сәйкес келетіндей қалыптастыруға тырысты, нәтижесінде тарихнамада ғылыми объективтілікке нұқсан келтірілді. Осылайша, космополитизмге қарсы науқан тек идеологиялық сипатта ғана емес, сонымен қатар кеңестік тарих ғылымының құрылымдық және концептуалдық өзгерістеріне де ықпал еткен күрделі процесс болды. Ғылым мен мәдениетте идеологиялық бақылау орнату, әсіресе «қырғи қабақ соғыс» жағдайында, зияткерлік ресурстардың стратегиялық маңызын арттырды. Идеологиялық қысым, цензура және репрессиялық шаралар ғылымды бақылаудың негізгі әдістері болды. Сталиндік модернизация консервативті идеологиялық сипатта болып, кеңестік патриотизм, оқшаулану және ойдан шығарылған жау бейнесін қалыптастыруды насихаттады. Тарих бұл насихаттауда маңызды рөл атқарды, тарихшылар мен оқу орындарының оқулықтарына идеологиялық өзгертулер енгізді. Космополитизммен күресу науқаны жау бейнесін қалыптастырумен қатар, режим үшін ыңғайсыз адамдарды саяси бақылау мен басқарудың механизмі ретінде қызмет етті. Мақала кеңестік тарих ғылымының идеологиялық контекстін, оның институционалдық өзгерістерін және ғылыми қоғамдастықтағы идеологиялық қысымның әсерін зерттеуге бағытталған.

Материалдар

Зерттеуде Ресей мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих архивінің (РГАСПИ) құжаттарын қамтиды. Атап айтқанда, А.А. Жданов пен А.С. Щербаков қорларында сақталған стенограммалар, баяндамалар және кеңес барысында талқыланған негізгі сұрақтар қарастырылды. Сонымен қатар, кеңеске қатысқан академиктердің еңбектері мен сол кезеңдегі кеңестік басылымдар қаралды. Атап айтқанда, «Правда» газеті мен «Исторический журнал» беттеріндегі мақалалар талданды.

Зерттеу әдістері

Зерттеу барысында тарихи-салыстырмалы әдіс қолданылды. Бұл әдісті қолдану арқылы 1944 жылы өткен кеңестің идеологиялық мазмұнын кеңестік тарих ғылымының әртүрлі кезеңдеріндегі идеологиялық өзгерістермен салыстыруға мүмкіндік берді. Талдау әдісі арқылы кеңестің стенограммалары мен партиялық құжаттардағы негізгі тезистер зерттелді. Сондай-ақ, идеологиялық дискурс-талдау әдісі негізінде кеңестік тарихнаманың коммунистік партия саясатына сәйкестігі қарастырылды. Мысалы, Б.Д. Грековтың Киев Русіне қатысты тұжырымдарымен Е.В. Тарле еңбектеріне жасалған сын тарихи бағалаудың саяси астары бар екенін көрсетеді. Осылайша, зерттеу кеңес дәуіріндегі тарих ғылымының саяси сипатқа ие болғанын дәлелдейді.

Талқылау

Соғыстан кейінгі идеологиялық науқандар жағдайында кеңестік тарих ғылымының дамуы – ғылыми қауымдастықта зерттеу нысаны ретінде қызығушылық тудырғанымен, әлі де жеткілікті түрде зерттелмеген мәселе болып табылады. Кеңестік тарихнаманы агрессивті идеологиялық қысымның салдары ретінде ғана қарастыру шектеулі түсінік қалыптастырады. Бұл науқандар тек тарихи зерттеулерге әсер етіп қана қоймай, нақты тарихшылардың кәсіби және жеке басына әсер етті.

«Соңғы сталинизм» кезеңі дәстүрлі түрде кеңестік жүйенің тұрақтылығы мен КСРО-ның халықаралық аренадағы супердержава мәртебесімен байланыстырылады. Бұл екі фактор, әсіресе халықаралық жағдай, кеңестік жүйенің ішкі саясатының даму бағытын айқындады [1, 115]. Соғыстан кейінгі алғашқы онжылдықта идеологиялық науқандардың белсенділігі жоғары болды. Зерттеушілер, И.В. Сталин және оның қолдауындағы номенклатура қоғамды біріктірудің тек халықаралық шиеленіс жағдайында ғана емес, сондай-ақ соғыс жеңісінен кейінгі ішкі ой бостандығын бақылауға алу ниетінен туындағаны байқалады. Идеологиялық науқандардың тағы бір мақсаты - кеңестік қоғамдағы әлеуметтік қайшылықтардың шиеленісуін бәсеңдету, басшылықтың әлеуметтік қысымын босату деген талпынысынан туындады [2, 9].

Ғылым мен мәдениет саласындағы басты мақсат ғалымдар мен мәдениет қайраткерлеріне қатаң идеологиялық бақылау орнату болды. Әсіресе, «қырғи қабақ соғыс» жағдайында зияткерлік ресурстардың стратегиялық маңызы артқан жағдайда бұл бақылау ерекше өзектілікке ие болды. Идеологиялық қадағалаудың күшеюі ғылыми және мәдени элитаның қызметін партиялық мүдделерге бағындыруға бағытталған болатын.

Кеңес заманында ғылымды толыққанды бақылау үшін идеологиялық қысым, цензура және қудалау сияқты репрессиялық шаралардан бастап, әртүрлі ынталандырулар мен әлеуметтік жеңілдіктерге дейінгі барлық мүмкін әдістер қолданылды. Айта кететін жайт, репрессиялық тәсілдер өз тиімділігін көрсетті: моральдық қысым көрсету, ал кейде тәніне зақым келтіруарқылы жазалау да адамды жаңа идеологиялық талаптар мен көзқарастарға бейімділік танытуға мәжбүрледі.

Соғыстан кейінгі кезеңде елді қалпына келтіру және жаңғырту үшін жұмылдыру механизмі негізінде амбициозды жоба жүзеге асыру жоспарланған болатын. Сталиндік модернизацияның басты ерекшелігі – оның негізінен консервативті идеологиялық сипатта болуы. Бұл саясат әлеуметтік құрылымды сақтай отырып, жоғары технологияларды дамытуға, саяси-партиялық институттарды нығайтуға және дәстүрлі құндылықтарға сүйенуге бағытталды [3; 33]. Соғыстан кейінгі жылдардағы идеологиялық насихаттың негізгі элементтері кеңестік патриотизм, оқшаулану және сыртқы әрі ішкі жаудың бейнесін қалыптастыру болды. Осы идеологиялық тұжырымдамалар аясында кеңестік ғылымның жаңа бейнесі интеллектуалды элитаға ұсынылды: патриотизмге негізделген, динамикалық, өзінің жаһандық артықшылығын сезінетін, утилитарлық және милитаризацияланған [4; 137].

Тарих осы құндылықтарды насихаттауда маңызды рөл атқарды, себебі өткен кезеңнің сипаты патриоттық сезімдерді қолдауға ықпал етті. Осы себептен, идеологиялық органдар тарихшылардың пікірталастарына араласып, оларды қажеттілігіне бағыттады. Жоғары оқу орындары мен мектеп оқулықтарын дайындауда мұндай араласу айқын байқалды. Мысалы, В.М. Хвостовтың редакциясымен әзірленген жаңа тарих оқулығы идеологиялық талаптарға байланысты авторлар ұжымы тарапынан бірнеше рет қайта жазылды. Оқулықтың алғашқы нұсқасы соғысқа дейін дайындалып, АҚШ пен Англия тарихына теріс баға берген. Соғыс жылдарында, аталған мемлекеттер антигитлерлік коалицияның құрамына енген соң, авторлардан сынның күрт жұмсартылуын талап етті. Нәтижесінде, оқулық мәтінінен Ұлыбритания мен АҚШ-тың «басып алу» және «басып алу саясаты» терминдері алынып тасталды [5, 13].

Бірақ қырғи қабақ соғыс басталғаннан кейін оқулық авторларына Англия мен АҚШ-тың «эксплоататорлық саясатын» көрсетпегені үшін сын айтылды. Сонымен қатар, бірнеше рецензенттің пікірінше, оқулықта XIX-XX ғасырдың басындағы орыс ғалымдарының көрнекті рөлі әдейі назардан тыс қалған. Кітап қайта жазылды, оған антиамерикалық және антианглиялық әсерлер қосылды. Идеологиялық тұрғыдан маңызды, XIX ғасырдың соңғы үшінші ширегіндегі техникалық даму бөлімінің мазмұны түбегейлі өзгертілді. Егер бірінші басылымда Дизель, Маркони, Рентген сияқты өнертапқыштар туралы айтылса, кейінгі нұсқаларда орыс өнертапқыштарының үлесі, атап айтқанда, А.Н. Ладыгина, П.Н. Яблочков, А.С. Попов және И.Ф. Усагина сияқты ғалымдардың еңбектері басымдықпен көрсетілді.

Соғыстан кейінгі кезеңдегі ең агрессивті идеологиялық науқандардың бірі дәстүрлі түрде «космополитизммен» күресу болып саналады. Науқанның негізгі мақсаттарының бірі – жау бейнесін қалыптастыру болды. «Жау идеологиясының ерекшелігі – оны тек жауларды жою немесе қорқыту құралы ретінде ғана емес, сонымен қатар режим үшін ыңғайсыз «қолайсыз» адамдарды, саяси бақылауды және бұқараны басқаруды жүзеге асырудың қарапайым механизмі ретінде де қызмет етті» [6; 25].

Космополитизммен күресудің ерекшелігі, дәрежесі мен еңбегіне қарамастан, кез келген адам сынның нысанасына айналуы мүмкін еді. Көбінесе танымал ғалымдар, академиктер және партияға адал адамдар да қудалауға ұшырады. Бұл әрекеттердің мақсаты екі бағытта жүзеге асырылды: біріншіден, «танылғандарды» қорқыту, екіншіден, жүйенің толық күшін көрсету арқылы өзге тұлғаларды бақылауда ұстау.

Тағы бір маңызды себебі, партия мен үкіметтің әлеуметтік қатынастар саласында жинақталған мәселелердің «қысымын босату» деген ұмтылысы болды. Барлық үгіт-насихат ұрандарына қарамастан, елдегі өмір негізінен жақсарған жоқ. Сондықтан ішкі жауға қарсы күрес – халықтың назарын нақты әлеуметтік проблемалардан идеологиялық мәселелерге ауыстырудың іске асырылған моделі ретінде қызмет етті. Қарапайым азаматтар әлеуметтік баспалдақта едәуір жоғары тұрған, сондықтан да жақсы өмір сүрген зиялы қауым өкілдерінің жеңісін қызғанышпен қарады. Интеллигенция арасында жасырын қақтығыс орын алды: академиялық орталардағылар жеке пәтерлер, жақсы жалақы және кеңестік өркениеттің барлық артықшылықтарын иеленсе, «зияткерлік майданның» қарапайым қызметкерлері коммуналдық пәтерлерде тұрып, жалақыдан жалақыға дейін өмір сүруін жалғастырды [7; 28].

Идеологиялық науқандардың жиілігі, шамасы, биліктің кең ауқымды репрессияларды, тұтқындаулар мен ату жазаларын азаюымен байланысты. Бұл науқандар он жыл бұрынғыға қарағанда әлдеқайда аз мөлшерде жүзеге асырылды. Елдегі наразылықтарға қарамастан, Сталин мен партия аппаратында билік бұрынғыдан да берік болды. Тұтқындаулар ар-намыс соттарымен, ал ату жазалары – әріптестердің сынымен алмастырылды.

Еврей ұлтына қатысты ерекше «қызығушылық» пайда болды, бұл «халықтың әкесі» болып табылатын Сталиннің жеке антисемитизмінің, сыртқы саясаттағы сәтсіздіктермен (мысалы, бақыланбайтын Израильдің құрылуымен) және қоғамның кең топтары арасында дәстүрлі антисемиттік көңіл-күйдің күшеюімен үйлесіп отырды [8; 213].

Космополиттермен күрес науқанының алғышарттары болды. Соғыс аяқталғаннан кейін «Ленинград» және «Звезда» журналдарына сын, Г.И. Роскина мен Н.Г. Ключеваның зиянды қызметтерін «әшкерелеу», «буржуазиялық объективизммен» күрес сияқты идеологиялық процестердің шеруі өтті, бұл тарихи ғылымға тікелей әсер еткен аса шиеленіскен қоғамдық ахуалды қалыптастырды.

1948 жылы жағдай одан сайын күрделене түсті. 15 наурызда Институттың ғылыми кеңесінде Сергей Данилович Сказкин «кеңес ғалымының патриоттық борышы» туралы баяндама жасады, онда автор буржуазиялық тарихнамаға, әсіресе батыс тарихнамасына қарсы күрес қажеттілігі туралы айтты. Сол жылдың шілде айында мұрағат ісінің 30 жылдығына арналған конференция өтті. Бұл конференцияда ең ірі және ресми түрде танылған кеңес тарихшылары А. Д. Удальцов пен Е.В. Тарле «буржуазиялық тарихшылардың ғылымға қарсы тұжырымдамаларын» әшкерелеуді, сондай-ақ кеңестік және революцияға дейінгі буржуазиялық тарихнаманы нақты шеңберін анықтауды талап етті. Осылайша, «кеңестік емес идеологияға» қарсы күресте тарихнамалық зерттеулерді күшейту үшін ресми түрде қолдау тапты [9, 65].

Бірақ өткен науқандар нақты космополитизмге қарсы күрес ретінде қарастырылмаса да, ұқсас сөйлеу дағдысы жиі қолданылды. Орталық баспасөздегі «космополиттерге» қарсы науқан өте тез өтті: ол небәрі бірнеше ай, 1949 жылдың қазанынан көктеміне дейін өтті. Жаздан бастап «Тито және оныңтобы» басты жау ретінде жарияланғанға дейін жалғасты. Дегенмен, космополитизмге қарсы күрестің инерциясы өте күшті болды. Жаңа науқанның басталуы алдыңғы науқандардың аяқталмағанын білдірді, өйткені олар өздерінің идеологиялық көзқарастарын сақтап, кейінгі іс-шаралармен тығыз байланыста болды. Өз кезегінде, космополиттік талқандаулардың негізгі ұстанымдарының элементтері кейінгі науқандардың дискурсының ажырамас бөлігіне айналды [10, 205].

Қазіргі әдебиетте соғыстан кейінгі идеологиялық науқандарды қағидалық айырмашылықсыз, бірыңғай монолит ретінде қарастыру қажет деген көзқарас жиі кездеседі. Зерттеулер көбінесе «буржуазиялық объективизммен» және «космополитизммен» күресу науқандарын көрсетеді. Мысалы, А.С. Сонин барлық науқандарды бір антикосмополитикалық науқанға біріктіріп, олардың ұқсас идеологиялық көзқарастарға бағынатынын және бірдей әдістермен жүзеге асырылатынын мәлімдейді. Алайда, бұл дұрыс емес. Науқандар, шынында да, алдыңғы идеологияларды сіңіргендіктен, біртұтас бір бөлік болып көрінгенімен, олардың екпіні өзгеріп отырды. Егер бұл фактор

ескерілмесе, А.С. Сониннің жасаған қатесін жасауға болады, ол С.Б. Веселовский мен А.И. Яковлевтің еңбектеріне арналған сындарды космополитизммен күрес ретінде сипаттады. Бұл орайда, аталған тарихшылар ешқашан космополиттік қателіктер жібермегенін, олардың жұмыстары «буржуазиялық объективизм» үшін сынға алынғанын атап өткен жөн.

Космополитизмге қарсы науқанның өту механизмі келесідей құрылды. Шешімдер Орталық комитеттің насихат және үгіт бөлімінде қабылданды. И.В. Сталиннің, әсіресе соғыстан кейінгі кезеңде, идеология мәселесіне деген терең қызығушылығы байқалды. Кеңестік дәстүр бойынша, зерттеулердің басталуы орталық газеттердің бірінде жарияланумен белгіленетін. 1949 жылдың 28 қаңтарында «Правда» газетінде «антипатриоттық театр сыншылар тобы» тақырыбындағы мақала жарияланып, бұл бүкілодақтық науқандардың басталуына негіз болды. Негізгі соққы «космополит» топтарын іздеуге бағытталды, себебі топтық қылмыстардың ауырлығы жоғары болды. Тарихи ғылымда басты нысана белгілі бір топтар болды, оған кеңестік тарихпен айналысқан еврей текті көптеген тарихшылар кірді.

Соғыстан кейінгі онжылдықта қалыптасқан жағдай аса күрделі және әлеуетті қақтығысқа толы жағдай қалыптасты. Бұл кезеңде революцияға дейін қалыптасқан М.П. Покровскийдің шәкірттері «ескі мектеп» тарихшыларымен жаңа қалыптасып келе жатқан жас марксистік тарихшылар арасында айтарлықтай қарсыласу болды. «Покровский мектебінің» 1930 жылдары жойылуынан кейін, революцияға дейінгі академиялық тарих ғылымының өкілдері университеттер мен академиялық институттарға оралды. Сонымен қатар, соғыстан кейінгі кезеңде жаңа тарихшылар буыны қалыптасып, олар соғыс кезінде оқуын аяқтаған жастар болды. Бұл жаңа буын, негізінен, «ескі мектеп» өкілдері мен марксистік тарихшылардың шәкірттері еді. Олардың ішінде мұғалімдеріне шын берілгендер көп болса да, мансаптық амбициясы барлардың да үлесі аз емес еді. Бұл жағдай кеңестік кезеңде ғылыми саладағы бәсекелестікті күшейтті, себебі жоғары лауазымдарға ие болу тек материалдық жағынан ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік мәртебені арттырудың да маңызды факторына айналды [11; 34]. Сондықтан, тарихшылар мен басқа да ғылыми қызметкерлер арасында академиялық лауазымдарға қол жеткізу үшін бәсекелестік күрес күшейді. Бұл процесс тек ғылыми зерттеулер мен білім беру сапасына әсер етіп қана қоймай, сонымен қатар ғылыми ортадағы идеологиялық шекаралардың да қалыптасуына себеп болды. Нәтижесінде, ғылыми қызметкерлер арасында мансаптық амбициялар мен жеке мүдделер көбіне зерттеу мен білім беруден гөрі маңыздырақ бола бастады, бұл жағдай ғылыми этиканың бұзылуына және идеологиялық қысымның күшеюіне әкелді. Өмірлерде университет оқытушыларына кадр тапшылығы байқалса, орталықта барлық «жылы орындар» бос емес еді, бұл өз кезегінде біреулердің беделін түсіру науқаны арқылы басқалардың бос орындарға орналасуына көмектесті. А. М. Некричтің айтуынша, А. Л. Сидоровтың шәкірттері арасында ерекше белсенділік танытқандар – бұрынғы майдангерлер болды. Олар соғыс көрмеген «жас» әріптестеріне қарағанда әлдеқайда көп өмірлік тәжірибе жинақтаған еді және өз мақсаттарын айқын түсініп, не қалайтындарын жақсы білді. Майдангерлердің көпшілігі партия мүшелері болған және олар сайланатын партиялық, комсомолдық, кәсіподақ лауазымдары мен аспирантураларды тез иеленген. Олар білім алуға және мансаптық өсуді көздеді, әрі өздерін бос орындардың басты үміткерлері ретінде көрді. Алайда, бос орындар аз болғандықтан, бұл жағдай шиеленіске әкелді. Дегенмен, бұл қақтығыс тарихшылар арасындағы күрестің негізгі себебі емес, тек оны күшейтуші фактор болғанын ескеру қажет. Шын мәнінде негізгі қайшылық ғылыми және әкімшілік ықпал үшін болған күреспен байланысты болды [12; 304].

Тарих ғылымында ұрпақтар арасындағы қақтығыстардан басқа, әртүрлі топтар мен мектептер өздерінің ғылыми тұжырымдамаларын қорғаумен қатар, дәстүрлі қақтығыстар байқалды. Бұл қақтығыстар ғылыми қауымдастықтың біртектес емес, әртүрлі сипатқа ие болғанын көрсетті. Тарихшылар арасындағы бәсекелестік тек ғылыми дәлелдерге негізделіп қоймай, сонымен қатар әкімшілік ықпал мен академиялық бедел үшін күресті де

қамтыды. Осылайша, ғылыми дискурс әкімшілік ықпалға ұмтылумен тығыз байланыста болды.

Университеттер мен тарих мектептер арасындағы қарама-қайшылықтар, әсіресе Мәскеу мен Санкт-Петербург тарихи мектептері арасындағы қақтығыстар, ғылыми отырыстарда жиі көрініс тапты. Дегенмен, бұл қақтығыстардың негізінде жатқан жеке амбициялар мен ғылыми мүдделердің қиылысы көп жағдайда еленбей қалды. Мұндай күрделі және қайшылықтарға толы ғылыми қауымдастықта тараптар өз мүдделерін әкімшілік ресурстар арқылы шешуге тырысатын жағдайлар жиі кездесіп отырды. Осылайша, қауымдастықтар және жеке мүдделердің күресі, ғылыми мақсаттар мен мансаптық амбициялар арасындағы қарама-қайшылықтар қоғамның дамуындағы маңызды факторлардың бірі болып қалды.

Осылайша, егер науқанның жалпы тұжырымдамасы жоғарыда дайындалса, онда пысықтаулар нақты ғылым саласындағы жағдайға байланысты болды. Тарихшылар ішіндегі Минц пен Сидоров секілді «топтар» арасындағы күрес, мансаптық амбициялар, мектептер арасындағы қақтығыстар сияқты факторлар кеңестік тарих ғылымындағы науқанның барысына айтарлықтай ықпал етті. Партия билігі үшін бұл жағдай тиімді болды, өйткені олар аралық судья рөлін атқарып, ғылыми қоғамдастықтағы бәсекелестікті өз мүдделеріне пайдалана білді.

Науқан барысында екі негізгі құрал - баспа және ұжымдық жиналыстар белсенді түрде қолданылды. Бұл мәселеде баспасөздің рөлі ерекше болды. Алғашқыда, науқанға қатысушылардың сын мақалалары орталық бұқаралық ақпарат құралдарында жарық көрді. Кейінірек, бұл материалдар аймақтық және салалық ұйымдарда, сондай-ақ қабырға газеттерінде де жарияланып, кеңінен таралды. Алайда, соңғылары тек жоғарыдан келген ұрандарды көшіріп қана қоймай, сонымен қатар жергілікті жерлерде сенімсіз адамдарды әшкерелеу міндетін атқарды. Ресми баспасөзде есімінің аталуы ең қорқынышты таңбаға айналды, ол бірден барлық сынның нысанын айналды. Осылайша, тарихшылар, басқа да «зияткерлік кәсіптердің» өкілдері секілді, ресми басылымдардың кезекті нөмірін күтудің себебі түсінікті болды [13, 31].

Науқанның маңызды құрамдас бөлігі ретінде пысықтаужиналыстары үлкен рөл атқарды. Дегенмен, науқанның серпіні әрқашан жоғарыдан басқарылса да, нақты ғылым немесе өнер саласында басты жауапкершілік әрдайым бір немесе екі адамға жүктелді. Тарих ғылымында мұндай жауапты адам ретінде А. Л. Сидоров танылды. Ол кеңестік тарих ғылымында жетекші орынға ұмтылды, алайда бұл жолда оған И.И. Минц кедергі болды. Сынның негізгі соққысы И.И. Минцтің тобын жеңуге бағытталды, бұл Сидоровтың мансабындағы маңызды кезең болды.

Сын мен қателіктерді мойындайтын ұжымдық пікірталастар сол кезеңдегі партиялық мәдениеттің маңызды элементтерінің бірі болды. Бұл пікірталастар партиялық ортадан кеңес қоғамының барлық салаларына таралып, жәбірленушілердің қарсыласуға деген ынтасын арттырды. Дегенмен, айыпталушының өз кінәсін мойындамауы жағдайында оған көрсетілетін қысымның күшейе түсуі де байқалды. Сырт көзге, жиналыстар демократиялық принциптер негізінде өтіп жатқандай әсер қалдырды. Олардың өткізілу бастамасы ұжымнан шықты және әркімнің сөз сөйлеуге мүмкіндігі болды. Дегенмен, іс жүзінде бұл жиналыстар алдын-ала жоспарланған көрініске айналып, нағыз пікір алмасу мен сынға жол бермеді.

Ең өткір қақтығыстар БКП(б) Орталық Комитетінің жанындағы Әлеуметтік ғылымдар академиясының М. В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті отырыстарында, сондай-ақ КСРО Ғылым академиясының Тарих институтында орын алды [14, 37]. Тарих институты науқанның орталығы болып, ғылыми талқылаудың басты алаңы болды. 1949 жылы 24, 25 және 29 наурыз күндері Институтта ғылыми кеңестің отырыстары өтті, олардың күн тәртібінде космополитизммен күрес мәселесі тұрды. Бұл отырыстар ұйымдастыру жоспары бойынша қалыптасқан түрде өтті. Институттың басшысы Б. Д. Греков космополиттік айыптаулардан қашып, патриотизм үшін күресуге шақырды. Алайда,

А. Л. Сидоров пен А. Д. Удадьцов секілді кейбір қатысушылар сынның белсенділігін арттыру және «космополиттер» деген антипатриоттық топтарды әшкерелеу қажеттілігін атап өтті. Отырыстың барысында партия тарихшылары А. М. Панкратова мен А. П. Кучкин сондай-ақ айыптауларға ұшырағандар да сөз алды. Келесі күні отырыстар қайта жалғасты. Партия белсенділері Л. Сухомлин мен В. Т. Пашуто бастап, соңында сынға алынғандарға сөз берілді. Сөйлеу барысында әрбір қатысушы алдымен өзін-өзі сынға алып, кейін әріптестерін сынға алуы тиіс болды. Егер спикер бұл міндеттерден бас тартуға тырысса, онда оған жасалатын сынның қарқындылығы күшейе түсті. Сынды жоққа шығаруға талпыныс, керісінше, жағдайды одан сайын ушықтырды. Егер сынның қарқындылығы біртіндеп төмендесе, онда отырысты «космополитизммен күрес» бағытында қайта жандандырған жас коммунистердің бірі сөз алды.

Мұндай кездесулер адамның психологиялық қысымына алып келуден басқа, бірнеше басқа мақсаттарға да қызмет етті. Өзара айыптаулардың нәтижесінде тұлғааралық қатынастардың деңгейі сөзсіз нашарлап, тарихшылар қауымдастығының бірлігін бұзып, оны бөлінген және бақылауға алынған құрылымға айналдырды. Осындай жеке реніштердің салдары ұзақ уақыт бойы әсерін тигізді. Мысалы, Н.И. Павленконың мәліметіне сәйкес, М.Н. Тихомиров Л.В. Черепниннің академик болып сайлануына барынша кедергі жасады, себебі ол С.Б. Веселевский мен М.Н. Тихомировтың науқандары аясында айтылған сыни пікірлерді ескерді.

Нәтижелері

Өткен тарихи процестер жас ұрпақты кеңестік жүйеге адалдыққа тәрбиелеуге бағытталған еді, бұл аға ұрпаққа билікке деген тәуелділікті көрсету үшін жүзеге асырылды. Алайда, дереккөздер бұл мақсаттардың толықтай орындалмағанын көрсетеді. Көптеген адамдар үшін бұл космополиттермен күреске айналды. А. Я. Гуревичтің айтуынша, науқан әркімнің қабылдауына байланысты тәрбиелік мағынаға ие болды. Бұл науқанды кейбіреулер жүйенің құдіреті деп таныса, ал басқалар оның кемшіліктерін көрді [15; 133]. Уақыт өте келе, көптеген адамдар И.В. Сталиннің билігінен көңілдері қалды. Мысалы, Е.Н. Городецкийдің тарихы ерекше қызығушылық тудырады. 30-шы жылдары ол И.В. Сталинге және оның саясатына сенімді болды, бірақ кейінірек біртіндеп оның саяси іс-шараларына қарсы позицияларға көшті. Бұл өзгерістер кеңестік жүйенің ұстанымдары мен саясатының шынайы сипатын түсінудің нәтижесінде пайда болды. Тарихи контексттің өзгеруімен, жастар арасында көзқарастардың қалыптасуы мен саяси сана деңгейінің артуы, олардың белсенділігі мен сыншылдық қасиеттерінің дамуымен байланысты болды.

Космополитизмге қарсы науқан (идеологиялық іс-шаралардың жалпы тізбегінің элементі ретінде) кеңес тарих ғылымының институционалдық өзгерістерінде маңызды рөл атқарды. Мысалы, КСРО Ғылым академиясының тарих институтында орын алған идеологиялық талқандаудан кейін Кеңес қоғамының тарихы мен тарихнамасын зерттеуді күшейту жөнінде талаптар қойылды, бұл орайда тиісті қаулылар қабылданды. Кеңестік кезең тарихының идеологиялық маңыздылығы айқын болғанымен, тарихнаманы зерттеу буржуазиялық тарих ғылымымен күрес ретінде қарастырылды. Бұл жағдай тарихшылар мен ғылыми қауымдастықтың ішіндегі идеологиялық қарама-қайшылықтарды жандандыра отырып, ғылыми зерттеулердің бағыттарын және олардың тұжырымдарын айқындауға әсер етті.

Қорытынды

Қорытындылай келе, идеологиялық науқан тарих ғылымын бақылау мен басқарудың маңызды формасына айналғанын атап өту қажет. Адамдардың өзгерген сезімдеріне (қорқыныш, мансапқорлық, қызғаныш және т.б.) сүйене отырып, идеологиялық науқандар академиялық ортада билік ережелерін тиімді енгізуге мүмкіндік берді. Дегенмен, бұл науқандардың күшіне қарамастан, олар шығармашылық еркіндік пен жеке адамның қадір-қасиетін түпкілікті баса алмады. Анти-космополиттік науқан тарихшылар қауымдастығына ғана емес, сонымен қатар кеңестік тарихнаманың тұжырымдамалық келбетін қалыптастыруға да ықпал етті. Ол өз кезегінде, тарих ғылымының даму векторын көптеген

жылдарға алға анықтады. Осылайша, идеологиялық науқандардың тарихи контексті мен олардың ғылыми қауымдастыққа әсері тарихшылардың кәсіби қызметінде маңызды рөл атқарды. Нәтижесінде тарих ғылымының әдістемелік және концептуалдық негіздері айтарлықтай өзгеріске ұшырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Марушкин Б.И. *История в современной идеологической борьбе* / Б.И. Марушкин. – М.: Мысль, 1972. – 230 с.
- 2 Иванова Л.В. *У истоков советской исторической науки* / Л.В. Иванова. – М.: Политиздат, 1933. – 273 с.
- 3 Грановский Е.Л. *Социалистическая индустриализация – основа военной мощи СССР* / Е.Л. Грановский. – Алма-Ата: Институт экономики АН СССР, 1942. – 42 с.
- 4 Володина Н.А. *Совесткая система политического контроля 1945-1953 гг.* / Н.А. Володина // *Преподавание истории в школе*. – 2008. – №3. – С. 136-139.
- 5 Селунская Н.Б. *Проблемы изучения массовых исторических источников в современном американской историографии* / Н.Б. Селунская // *История СССР*. – 1975. – №4. – С. 8-15.
- 6 Фатеев А.В. *образ врага в советской пропаганде. 1945-1954 гг.* / А.В. Фатеева. – Москва, 1999. – 119 с.
- 7 Дружинин Н.М. *В годы войны: Статьи и очерки* / Н.М. Дружинин – Москва, 1985 – 288 с.
- 8 Костырченко Г.В. *Сталин против «космополитов». Власть и еврейская интеллигенция в СССР* / Г.В. Костырченко. – Москва, 2009. – 415 с.
- 9 Вербин А., Фурман А. *Место исторического материализма в системе наук* / А. Вербин, А. Фурман. – М.: МГУ, 1965. – 190 с.
- 10 Вайништейн О. Л. *Марксизм-ленинизм об историческом факте. В.И. Ленин и проблемы истории* / О. Л. Вайништейн. – Л.: Наука, 1970. – 435 с.
- 11 Платонов А. *Неустанно развивать дело пропаганды марксизма-ленинизма* / А. Платонов // *Большевик Казахстана*. – 1940. – №3. – С. 33-37.
- 12 Некрич А.М. *Поход против «космополитов» в МГУ* / А.М. Некрич // *Континент*. – 1981. – №28. – С. 304-305.
- 13 Барг М.А. *О некоторых предпосылках формализации исторического исследования* / М.А. Барг // *Проблемы всеобщей истории*. -1967. Вып. 1. – С. 28-39
- 14 Салов В.И. *Исторический факт и современная буржуазная историография* / В.И. Салов // *Новая и новейшая история*. – 1973. – №6. – С. 36-42.
- 15 Гуревич А.Я. *История историка* / А.Я. Гуревич. – Москва, 2004. – 288 с.

References:

1. Marushkin B.I. (1972). *Istoriya v sovremennoi ideologicheskoi borbe* [History in the modern ideological struggle] Moscow [in Russian].
2. Ivanova L.V. (1933). *U istokov sovetskoi istoricheskoi nauki* [At the origins of Soviet historical science] Moscow [in Russian].
3. Granovsky E.L. (1942). *Socialisticheskaya industrializaciya – osnova voennoj moshchi SSSR* [Socialist industrialization – the basis of the military power of the USSR]. *Institutekonomiki AN SSSR - Institute of Economics of the USSR Academy of Science*, 42 [in Russian].
4. Volodina N.A. (2008). *Sovestkayasistemapoliticheskogokontrolya 1945-1953 gg.* [The Soviet system of political control 1945-1953]. *Prepodavanieistorii v shkole - Teaching history at school*, 3, 136-139 [in Russian].
5. Selunskaya N.B. (1975). *Problemyizucheniymassovyhисторическихисточников v sovremennomamerikanskoiistoriografii* [Problems of studying mass historical sources in modern American historiography]. *Istoriya SSSR - The History of the USSR*, 4, 8-15 [in Russian].

6. Fateev A.V. (1999). *V obrazvrage v sovetskojpropagande. 1945-1954 gg.* [The image of the enemy in Soviet propaganda1945-1954] Moscow [in Russian].
7. Druzhinin N.M. (1985). *V godyvoiny: Statiiiocherki.* [During the war years: Articles and essays]. Moscow [in Russian].
8. Kostyrchenko G.V. (2009). *Stalin protiv «kosmopolitov»Vlast' i evrejskaya intelligenciya v SSSR* [Stalin against the "cosmopolitans". The government and the Jewish intelligentsia in the USSR]. Moscow [in Russian].
9. Verbin A., Furman A. (1965). *Mestoistoricheskogomaterializma v sistemenauk*[The place of historical materialism in the system of sciences] Moscow [in Russian].
10. Vainshtein O. L. (1970). *Marksizm-leninizmobistoricheskompakte. V.I. Lenin iproblemyistorii* [Marxism-Leninism onhistoricalfact.V.I.Leninandproblems of history] Moscow [in Russian].
11. Platonov A. (1940). *Neustannorazvivat' delopropagandymarksizma-leninizma* [Tirelessly develop the cause of propaganda of Marxism-Leninism]. *Bolshevik Kazakhstana - Bolshevik of Kazakhstan*, 3, 33-37 [in Russian].
12. Nekrich A.M. (1981). *Pohodprotiv «kosmopolitov» v MGU* [The campaign against the "cosmopolitans" at Moscow State University]. *Kontinent – Continent*, 28, 304-305 [in Russian].
13. BargM.A. (1967). *O nekotoryhpredposylkahformalizaciiistoricheskogoissledovaniia* [Onsomeprerequisites for the formalization of historicalresearch]. *Problemyvseobshcheiistorii - Problems of universalHistory*, 1, 28-39 [in Russian].
14. Salov V.I. (1973). *Istoricheskijfaktisovremennayaburzhuaznayaistoriografiya* [Historicalfactandmodernbourgeoishistoriography]. *Novaya inovejshayaistoriya - Newandmodernhistory*, 6,36-42 [in Russian].
15. GurevichA.Ja. (2004). *Istoriyaistorika* [History historian] Moscow [in Russian].